

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 101 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 18 желтоқсан N 101в

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 101 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулының 1-қосымшасына:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаларды іске асыру жөніндегі шаралар" деген 5-бағанында:

030 бағдарламасының 034 шағын бағдарламасы кодының 4-тармағындағы "3" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "3 құжат" деген сөздер "5 құжат" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулының 2-қосымшасына:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаларды іске асыру жөніндегі шаралар" деген 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жобалау, геологиялық барлау және геофизикалық жұмыстарды аяқтау;

2. Ұңғымаларды бұрғылау және сынақтан өткізу;

3. Магистралды газ құбырының құрылыс-монтаж жұмыстары, оның ішінде құбыр өнімдері мен желілік бөліктің жабдықтарын сатып алу;

4. Бұрын бұрғыланған ұңғымаларды жою;"

3) көрсетілген қаулының 6-қосымшасына:

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) 4235 бақылау бекетінде жер қойнауының жай-күйі мен жер асты суларын ластанудан қорғауды режимдік байқауды жүзеге асыру мен мемлекеттік бақылау";

4) көрсетілген қаулының 10-қосымшасына:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5 - бағанында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Дербес компьютерлер - 15 бірлік, принтерлер - 9 бірлік, офис сканері - 4 бірлік, автоматты беріп тұрумен желістік сканерлеу үшін сканер - 1 бірлік, үздіксіз қоректену

көздері - 10 бірлік, факс - 2 бірлік, телефондар - 4 бірлік, автоматты свич - 6 бірлік,  
м о д е м - 1 5 б і р л і к . " ;

7-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жабдықтарды сатып алу: компьютерлер - 15 бірлік, принтерлер - 9 бірлік, офис сканері - 4 бірлік, автоматты беріп тұрумен желістік сканерлеу үшін сканер - 1 бірлік, үздіксіз қоректену көздері - 10 бірлік, факс - 2 бірлік, телефондар - 4 бірлік, автоматты свич - 6 бірлік, модем - 15 бірлік.";

5) көрсетілген қаулының 11-қосымшасына:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанында:

"25" деген сан "81" деген санмен ауыстырылсын;  
7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мынадай материалдық-техникалық құралдарды сатып алу: сервер - 1 дана, желілік принтерлер - 3 дана, желілік ықшам коммутаторлар - 3 дана, желілік маршрутизатор - 1 дана, желілік модем - 1 дана, желілік кабельдер - 2 бума, желілік платалар - 20 дана, желілік розеткалар - 50 дана." ;

6) көрсетілген қаулының 12-қосымшасына:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанында:

"81" және "2" деген сандар "46" және "6" деген сандармен ауыстырылсын;  
7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мынадай материалдық-техникалық құралдарды сатып алу: дербес компьютерлер мониторларымен - 23 дана, түрлі-түсті мониторлар - 5 дана, көшіргіш машина - 1 дана, сканер - 1 дана, принтерлер - 5 дана, үздіксіз қоректену көздері - 2 дана, желілік коммутатор - 4 дана, желілік кабельдер - 4 бума, желілік маршрутизатор - 1 дана, бағдарламалық қамтамасыз ету - 6 пакет.";

7) көрсетілген қаулының 13-қосымшасына:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны 298305 мың (екі жүз тоқсан сегіз миллион үш жүз бес мың) теңге.";

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5 - бағанында :

001-бағдарламасының 001 - кіші бағдарламасы кодының 2-тармағындағы "Аэроғарыш комитетін" деген сөздер алынып тасталсын, "421" деген сан "329" деген санмен ауыстырылсын ;

8) көрсетілген қаулының 15-қосымшасына:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 заң күші бар Жарлығының 6-бабының 2-тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 133 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі туралы ереженің 11-тармағының 11) - 19) тармақшалары." ;

4-тармақ ", Каспий қайраңының қазақстандық бөлігі бойынша мұнай операцияларына арналған келісім-шарттар мен конкурстарды дайындау" деген сөздермен толықтырылсын ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5 - бағанында :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Каспий қайраңының қазақстандық бөлігі бойынша мұнай операцияларына арналған келісім-шарттар мен конкурстарды дайындау;" ;

3 - тармақ алынып тасталсын ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Өнімді бөлу туралы екі келісімде және Каспий қайраңының қазақстандық бөлігі бойынша мұнай операцияларына арналған конкурстарда мемлекет мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету." ;

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*